

**«MEN QALDYRĠAN ECO-IZ»
республикалық экологиялық марафонының аясындағы
көркем сурет пен цифрлық сурет байқауының
ЕРЕЖЕСІ**



Заман ағымы адамға тікелей байланысты. Оның қатысуымен қалалар пайда болуда, зәулім үйлер қалануда, инфрақұрылым дамуда, халық саны геометриялық прогрессиямен өсуде.

Адамның күнделікті өмірі қоршаған ортаға орны толмас зиян келтіруде. Заманауи қоғам өкілдері әрекеттерінің экологиялық салдарын түсініп, дағдарыстың одан бетер дамуына жол бермеуі керек.

Мақсаты: балалар мен жастарды экологиялық мәдениетке баулып тәрбиелеу, №4,11,13,14,15,17 тұрақты даму мақсаттарын насихаттау. Экология саласында сауаттылықты арттырып, қоршаған ортаны сақтау, қорғау және жауапты тұтыну идеяларын шығармашылық және көрнекті құралдар арқылы жеткізу.

Міндеттері:

- Қоршаған ортаны қорғау мәселесіне қоғамның назарын аудару;
- Табиғи ресурстарды тиімді пайдаланумен таныстыру;
- Қалдықтарды қайта өңдеуге тапсыру арқылы шикізатты қайта айналымға қайтару идеологиясымен таныстыру;
- Қазақстан Республикасының лас қалаларын, аудандарын және ауылдарын тазарту қажеттілігіне назар аудару;
- Жас ұрпақты қалдықтарды сұрыптау және зиянды қалдықтарды жою туралы білімдерін арттыру;
- Қоршаған ортаға адамның зиянын азайту;
- Тұрақты дамуды алға жылжытуға қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыру;
- Балалар мен жастарда экологиялық сана-сезімді қалыптастыру және тәрбиелеу;
- Экологиялық мәселелерді шешуде шығармашылық әлеуметті пайдалану;
- Балалар мен жастардың шығармашылық дамуын қолдау, өзін-өзі танытуға мүмкіндік беру.

Ұйымдастырушылар: Алматыдағы ЮНЕСКО Кластерлік Бюросы, «ECOJER» қазақстандық экологиялық аймақтық бастамалар қауымдастығы, Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтарының Федерациясы.

Қатысу шарттары

Байқауға 12 мен 35 жастағы кез келген адам қатыса алады (жас категориялары 12-16, 17-25, 26-35).

Жұмыстарды қабылдау уақыты: 16 қыркүйек пен 15 қазан аралығы.

Қамту аумағы: Қазақстан.

Осы байқауға жіберілетін жұмыстар басқа байқауларға қатыспаған болуы керек, әлеуметтік желілерде немесе интернет аумағында болмауы тиіс.

Бір қатысушы байқауға бірнеше жұмыс жібере алады.

Байқауға жіберілетін суреттердің сапасы жоғары болуы қажет, себебі олар өте үлкен өлшемде басып шығарылып, Алматы қаласының көшелеріндегі билбордтар мен аялдамаларға ілінетін болады.

Қатысушының байқауға жұмыстарын жіберуі оларды ұйымдастырушылар мен серіктестердің баспа құралдарында, әлеуметтік желілерде, сайттарда, билбордтар мен аялдамаларда, бұқаралық ақпарат құралдарында тегін пайдалануына рұқсат ететіндігін растайды.

Байқауға қатысу үшін байқаудың барлық шарттарымен мұқият танысу қажет. Сұранымды жүктеу қатысушының байқаудың барлық шарттарымен келісетіндігін білдіреді.

Талаптар толық орындалмаған жағдайда жұмыстар байқауға жіберілмейді.

Көркем сурет номинациясы «Аяласаң, табиғатты аяла»

Міндет: көркем сурет арқылы Жер шарын сақтау және табиғи ресурстарды үнемдеу қажеттілігін көрсету, қоршаған ортаны қорғау мәселелері мен 3 R қағидасымен таныстыру (reduce – тұтынуды қысқарт, reuse – қайта пайдалан, recycle – қайта өңде).

Талаптар: кез келген техникада орындалған жұмыстар қабылданады. Жұмыстарда ұшқыр ой, шығармашылық қиял мен креативті образдар, көріністер болуы керек.

Жұмыстарды жіберу: Жұмысты салып болғаннан кейін, суретке түсіру қажет. Суреттің атауын қатысушының аты-жөніне өзгертуді ұмытпаңыз. Суреттерді JPEG немесе JPG форматтарында жіберіңіз. Салмағы 2 МБ-тан аз болмауы керек. Суреттің бет жағында ешқандай жазу болмағаны дұрыс. Жұмыстар тек онлайн қабылданады. Жүктеу (жіберу) үшін мына сілтемеге басыңыз https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdvhIC2LNBK158FIyfb4pQ2ygKNfcCmRm03no0WAoi50FG9YQ/viewform?usp=sf_link

«Бізді қоршаған әлем» ұялы телефон суреттері номинациясы

Міндет: табиғаттың тылсым, ерекше үрдістерімен бөлісу, биологиялық алуантүрлілікті және тамаша келбетін сақтап қалу маңыздылығын көрсету.

Талаптар: кез келген ұялы телефонға немесе планшетке түсірілген суреттер қабылданады. Суреттерде қайталанбас сәттерді, табиғаттың ұлылығын, көзбен көріп, сену мүмкін емес көріністерді көрсетуге тырысыңыз.

Жұмыстарды жіберу: Суреттерді JPEG форматында жіберу қажет. Олар өте жақсы сапада және мөлшері қатты кішірейтілмеген, ұзындығы 640 пиксель, ал салмағы 10 МБ болуы тиіс. Суреттің бетінде ешқандай жазу болмауы керек. Жұмыстар тек онлайн қабылданады. Жүктеу (жіберу) үшін мына сілтемеге басыңыз https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdvhIC2LNBK158FIyfb4pQ2ygKNfcCmRm03no0WAoi50FG9YQ/viewform?usp=sf_link

«Сұрыптау – жана өмір стилі» концептуалды сурет номинациясы

Міндет: сән әлемінің элементтері мен түс түрлерін пайдалана отыра, қоғамның назарын қалдықтарды бөлу мен қайта өңдеу мәселесіне аудару.

Талаптар: бұл арнайы ұйымдастырылған, кәсіби фотоаппаратқа түсірілген суреттер болуы керек. Фотосессияға қоқысты сұрыптауға арналған контейнерлердің түсіне сай (сары – пластик, көк – қағаз, жасыл – шыны, сұр – тағам қалдықтары) киім үлгілерін таңдап, фон ретінде және реквизит ретінде қайта өңдеуге болатын қалдық түрлерін пайдалану қажет. Суреттерде белгілі бір ой, сюжет болуы тиіс.

Жұмыстарды жіберу: байқауға ені 1200 пиксель, ұзындығы сәйкесінше JPG форматындағы, RGB түстік ауқымындағы, кескіннің аудан бірлігіндегі ақпарат мөлшері 72dpi; салмағы 10 MB аспайтын суреттер қабылданады. Суреттің бетінде ешқандай жазу болмауы керек. Жұмыстар тек онлайн қабылданады. Жүктеу (жіберу) үшін мына сілтемеге

басыңыз

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdvhIC2LNBK158FIyfb4pQ2ygKNfcCmRm03no0WAoi50FG9YQ/viewform?usp=sf_link

Бағалау ережесі

Жұмыстар олардың бірегейлігі, шығармашылығы, сапасы мен номинацияға сәйкес болуына қарай бағаланады. Жеңімпаздар әділ қазылар алқасының отырысының нәтижесінде үш жас категориясы бойынша таңдалады: 12-16 жас, 17-25 жас, 26-35 жас. Қазылар алқасының шешімі қайта қаралмайды және талқыланбайды.

Нәтижесі мен сыйлықтар

Байқау нәтижесі 20 қазан күні марафонның инстаграм парақшасында **@eco_marathon_kz** жарияланады.

- ✓ Барлық қатысушылар қатысқаны үшін сертификат алады. Үздік жұмыстар арнайы тақырыптық электронды альбомға кіреді.
- ✓ Қазылар алқасының шешімімен 40 үздік жұмыс таңдалады. Олар қоршаған ортаны қорғауға бағытталған үндеулермен Алматы қаласының көшелеріндегі билбордтарға, аялдамаларға және жарнамалық мюпилерге ілінеді. Бұл қатысушылар финалистердің дипломдарына ие болады.
- ✓ Әділ қазылар байқаудың 9 жеңімпазын анықтайды. Олар әр номинациядан және әр жас категориясынан таңдалады. Олардың жұмыстары да Алматы қаласының көшелерінің сәнін келтіріп, жеңімпаздардың дипломдары мен естелік сыйлықтармен марапатталады.

Сондай-ақ, қалған 31 финалистердің жұмыстары «Men qaldyrǵan eco-iz» республикалық экологиялық марафонының инстаграм парақшасында https://www.instagram.com/eco_marathon_kz/ жалпыхалықтық дауыс беруге түседі. Дауыс беру нәтижесінде **1 қатысушы халық көзайымы** номинациясына ие болады. Дауыс беру 16 қазан мен 20 қазан аралығында өтеді. Жұмыс иегері диплом мен арнайы сыйлыққа ие болады.

Ұйымдастырушылар:

тел: +7 (727) 394 32 32, +7 700 394 32 32

https://www.instagram.com/eco_marathon_kz/